

Қалшабаева Б.К.,
Бейсегулова А.К.

**Қазақстандағы құмық
диаспорасының
этномәдениетіндегі
ерекшеліктері**

Мақалада Солтүстік Кавказдың түркі халықтарының бірі Құмық этносы туралы баяндалады. Құмық халқының қалыптасуындағы түркі тілдес тарихи тамыры, этникалық тарихы, тілдік тобы, құмықтардың басқа елдердегі саны көрсетіледі. Әсіресе, құмықтардың шығу тарихы туралы кеңінен жазылған. Осы мәселе құмық ғылыми-мәдени қоғамының төрағасы К.М. Алиевтің құмықтардың шығу тарихының кезеңделуі жайлы еңбегімен қатар, басқа да ғалымдардың еңбектерінде кеңінен сипатталады.

Авторлар теориялық-әдістемелік және деректемелік негізінде сол Дағыстанда тұратын этностардың түрлі кезеңдермен Қазақстанға күштеп көшіру тарихы, орналасуы, қоныстану аймағына сипаттама беріп, тарихи тағдырын зерделейді. Қазақстанға бейімделу үдерісі де сөз етіледі. Сонымен қатар, ата салтын берік ұстаған құмық халқының салт-дәстүрлеріндегі ерекшеліктері, еңбекқорлығы, ізеттілігі айқындалды, олардың шаруашылығы, материалдық, оның ішінде киімдеріндегі ерекшеліктері, рухани мәдениеті де сараланды.

Түйін сөздер: құмық, этнос, салт-дәстүр, қыпшақ, халық, депортация.

Kalshabaeva B.K.,
Beysegulova A.K.

**Features of ethnoculture of the
Kumyk diaspora in Kazakhstan**

The article examines one of the major Türkic tribes of the North Caucasus Kumyk ethnos. The origins of the formation of the Kumyk people, ethnic history, linguistic features, and the number of Kumyks' settlement in other countries are being studied. Special attention is paid to the works of K.M. Aliev, where the history of the origin of the Kumyks is covered, periodization of the origin of the Kumyks is given.

The authors consider ethnoses living in Dagestan, forced resettlement in Kazakhstan, areas of dispersion, their historical destiny on the basis of the theoretical-methodological and source base. The process of adaptation in Kazakhstan is being studied. They also strictly adhered to their traditions, analyzed the peculiarities of the customs of the Kumyk people, their diligence, tolerance, economy, material, including clothing and spiritual culture

Key words: kumyk, ethnos, tradition, kipchak, people, deportation.

Қалшабаева Б.К.,
Бейсегулова А.К.

**Особенности этнокультуры
кумыкской диаспоры
в Казахстане**

В статье рассматривается об одном из крупных тюркских племен Северного Кавказа – кумыкском этносе. Изучаются истоки формирования кумыкской народности, этническая история, языковые особенности, численность наследия кумыков в других странах. При этом особое внимание уделено трудам К.М. Алиева и многих других авторов, где освещаются история происхождения кумыков, дается периодизация истории происхождения кумыков.

Авторы на основе теоретико-методологической и источниковой базы рассматривают этносы, проживающие в Дагестане, насильственное переселение в Казахстан, районы расселения, их историческую судьбу. Изучаются процесс адаптации в Казахстане. Также они строго придерживались своей традиции. Анализируются особенности обычаев кумыкского народа, их трудолюбивость, терпимость, хозяйство, материальная, в том числе особенности в одежде и духовная культура

Ключевые слова: кумык, этнос, традиция, кипчак, народ, депортация.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҚҰМЫҚ
ДИАСПОРАСЫНЫҢ
ЭТНОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кіріспе

Көп ұлтты республикамызда аз санды этностарды зерттеу қазіргі заманның талабына сай өзекті тақырып. XX ғасырдың екінші жартысындағы ұлы нәубет Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан жеріне түрлі ұлт өкілдерін күштеп қоныстандыру саясаты негізінде қоныс аударған, солардың бірі – құмық халқы.

Түркі тілдес халықтар Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыс пен батысты байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымнан құралған. Башқұрттар Еділ-жайық өңірін мекендесе, Кавказда әзірбайжан, Дағыстандағы ноғай, қарашай, балқар түркілері мекендейді. 1991 жылғы деректер бойынша дүние жүзіндегі түркі тілдес халықтардың жалпы саны 153 миллион 553 мың 800 адам болған екен. Осылардың ішінде 100 мыңнан астам адамы бар түркі халықтары қарашайлар, қырым татарлары, құмықтар, тувалықтар, якуттар (сахалар). Тілі жағынан башқұрттар, құмықтар қыпшақтар тобына жатады (Аманжолов, 2005: 350-351).

Сонау көне түркіден бастау алып, өніп-өскен қыпшақ тайпасының бүгінгі бір ұрпағы – құмықтар. Солтүстік Кавказдағы ең ірі түркі халықтарының бірі. Дағыстанның сондай-ақ, Солтүстік Осетия мен Шешенстанда да көп тұрады. Олар Кавказдағы саны жағынан әзірбайжандардан кейінгі екінші орындағы түркі халқы. Құмықтардың этникалық тарихы туралы ғалымдар түрлі пікірлер айтуда. Біреулері оларды ежелден осы өлкені мекендеген түркі тектес халықтардың ұрпағы десе, кейбір ғалымдар лезгин халқынан тараған дейді. Көптеген зерттеушілер оны «кимак» терминімен – IX ғасырдың 2-ші жартысында қалыптасқан түркі тайпалары бірлестігінің атауымен теңестіреді (Төлебаев, 2013: 1).

Дағыстандағы отыздан астам кавказ, иран, түркі тілдес жергілікті ұлт пен ұлыстың арасында құмықтар сан жағынан үшінші орын алады. Құмықтар Дағыстанның 8 ауданында Хасавюрт, Бабаюрт, Қизилорт, Бұйнак, Дербент, Қайтағ, Қоякет, Қарабудағкент аудандарында басым қоныстанған. Құмықтың шағын тобы Чечен, Солтүстік Осетин республикаларын, Ставрополь өлкесін мекендейді (Бизақов, 2000а:108).

Антропологиялық жағынан құмықтардың Дағыстан мен басқа да тау халықтарынан айырмашылығы жоқ. Олар европеидтік нәсілдің кавказдық тобына жатады. Ислам дінінің суннит тармағын тұтынады (James Minahan, 2002: 1046).

Құмық этносының қалыптасу тарихы

Құмық халқының қалыптасуына ерте кезден солтүстік Кавказды қоныстанған әр алуан тайпалар, түркі ұлыстары, әсіресе X-XI ғасырдағы қыпшақтар басты ықпал еткен. Құмықтар басқа да тау халықтарымен біріге отырып, XIII ғасырда татар-моңғол басқыншыларына табан тірескен қарсылық көрсетіп, ата-қонысын қорғады.

Құмықтардың шығу тарихы туралы ғалым Клапротаның пікірінше олардың ататектері хазарлар, белігілі ортағасырлық тарихи мәліметтерге қарағанда құмықтардың бір тайпасы осы күнге дейін «шезарлер» деп аталады. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше, құмықтар – ол татарлар, кавказ жерінде ерте кездерден бастап қоныстанып, сол жерде ірі тайпа құрып, «кумыки» және «кази-кумықтар» деп аталған. Құмықтардың арғы тегі Темірланға бағынған, Темірлан Токтамысқа жасаған соңғы жорығынан құмықтарды қыпшақтардың немесе Алтын Орда тайпаларының бірі болуы да мүмкін. Птолемей қазіргі құмықтар мекен етіп жатқан жерде ежелде кама немесе камаки деген тайпалардың өмір сүргенін айтады. Құмықтардың өздерінің шығу тегін татарлармен байланыстырады. Ресейдің құмықтармен алғашқы байланыстары 1614 жылмен мерзімделеді, архив құжаттарында патша Михайл Федоровичке құмық ханы Гирей және оның бауырлары атынан жіберілген құжаттар көрсетілген. Келесі жылы құмықтардың Ресейге бағынғаны жайлы жазылған құжат көрсетілген. Қандай жағдай болмасын, құмық халқының кейбір тайпалары Ресей бодандығысыз 1594 жылға дәлірек айтқанда, Федор Иоанновичтың патшалығы кезінде Койсуға жақын жерде бір қалашықта өмір сүрген, сондай-ақ 1604 жылы Борис Годунов кезінде Сунже бекінісі салынып жатқанда, Эндери және Тарки аумақтарында мекендеген. Дәл осы жылы құмықтар бір бас көтеру ұйымдастырған, чернестер мен Дағыстан лезгиндарымен қосылып, көтеріліс нәтижесінде қолбасшы Бутурлинді Терек бекінісін тастап кетуге мәжбір еткен. Дегенмен де құмықтар Ресей империясымен достық қарым-қатынастарын 1722 жылға дейін жалғастырып тұрған, осы кезде Петр I Персия жеріне жорығын бастаған сол кез-

де құмықтар тағы да көтеріліс ұйымдастырған, олар орыстарға шабуыл жасаған, бірақ жеңіліске ұшырап, Эндери (сол кездері бұл аумақта үш жүзге дейін үйлер болған) жерін тонағаны және сатқындық жасағаны үшін жазаға кесілген. Осы жағдайдан кейін құмық халқы Ресей империясына адал болды және әркез сабырлы, әрі көңгіш болған (<http://www.vostlit.info>).

Құмық еліндегі «Елдаш» республика газетінің бас редакторы, Құмық ғылыми-мәдени қоғамының төрағасы К.М. Алиев өзінің «Кенес идеологиясы мен деректеріндегі құмықтардың шығу тегі мәселелері» атты мақаласында ежелгі құмық халқы Каспийдің солтүстік-батысынан Волганың төменгі жағына дейінгі жерді мекендейтін отырықшы егіншілікпен, көшпенділікпен айналысатын тарихи-этнографиялық аймақты алып жатқан халық екенін, қытай жазбаларында III-IV ғғ. ғұндардың батыс қағанатындағы ежелгі құмықтар туралы мәліметтердің кездесетінін де көрсеткен. Ғалым құмықтардың шығу тегін кезеңдейді: Кавказда алғашқы «Құмық» этнонимі «гунну-ундур» деп аталған. Құмықтардың шығу тегін кезеңдейді: бірінші кезең б.з.д. III-I «ғұн» дәуірі ежелгі түркі тайпаларының ірі тілді екі топқа бөлінуі. Екінші кезең: б.з.д. I ғ. қамтиды. Әйгілі Плиниустың кам немесе камак, солтүстік кавказ бен дағыстанда құмық этносының қалыптасуы. Құмықтар (камак) – ғұн тайпасы, белгілі «Оғызнамада» Оғызхан тұсында каспий қақпасының күзеті құмықтардың міндетінде болған, Плиниустың дәуірінде каспий қақпасы «құман қақпасы» деп аталған, яғни камак (құмық). Үшінші кезең б.з. IV-VII ғғ. кезеңін қамтиды. Бұл кезеңде көптеген түркі тайпаларының бірігуі, Ресейдің оңтүстігінде Аттила ғұндарының түркі мемлекетінің алғашқы белгілі болуы, Дербенттің солтүстігінде 13 ғұн (түркі) тайпаларының шоғырлануы. Кавказ жерінде түркі мемлекетінің тайпалары құмық, балқар, қарашай ата-бабаларының алғашқы пайда болуы. Төртінші кезең VII-X ғғ. Хазарлардың Кавказ және Шығыс Еуропадағы үстемдігі және құмық жеріне әлемдік діндердің христиандық, иудаизм және исламның енуі және таралуы. Осы кезеңнің соңында хазардың орнына «құмық» этнонимінің тұрақталуы. Бесінші кезеңге ғұн тайпаларының түркі тілдес тілдік топтар болып қалыптасып бөлінуі.

Ал, ғалым Ахмед Жафароғлының сөзінше: «Құмықтар – VII ғ. Хазар жерінде қалыптасқан екі ірі оғыз-қыпшақ түркі этностарының араласу нәтижесінде Кавказды Моңғол жаулағанға дейін

пайда болған байырғы түркі халқы. Құмықтардың өмір сүру салтынан, олардың мәдени-шаруашылық түрлерінен, тілі мен диалектілері олардың түркі халықтарының шыққандығы айқын» (Алиев, 2001: 4-19).

Әлемдегі құмықтар жайлы

Қазіргі Дағыстан жерінде тұрып жатқан түрлі этностың бірі осы құмықтар болса олардың сол жердегі саны 300 мың, сонымен қатар, Чеченстан республикасында, Солтүстік Осетинде, Түркия, Иран және Сирия елінде де тұрады (Atticus Ryan, 1998: 107).

Дағыстанды мекен ететін халықтың 10 мыңдайы қазіргі кезде Қазақстанда тұрып жатыр, олардың 700-і Алматы қаласында болса, 400-і Алматы облысын мекендейді. Бұлардың құрамында: лезгиндер, аварлар, кубачиндер, андийлер, даргиндер, құмықтар, ноғайлар, табасарандармен қатар тағы басқада этностар бар.

Қазақстандағы құмықтардың саны 1970 ж. – 554 адам, 1979 ж. – 873 адам, 1989 ж. – 1700, 1999 ж. – 643 адам, 2009 ж. – 481 адам. Оның ішінде қала тұратындары 1970 ж. – 442 адам, 1979 ж. – 693 адам, 1989 ж. – 1700, 1999 ж. – 643 адам, 2009 ж. – 481 адам.

1999 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 643 адам, Ақмола облысында 64, Ақтөбеде – 19, Алматы облысында – 12, Атырау облысы бойынша – 27, Шығыс Қазақстанда – 45, Жамбыл облысы бойынша – 125, Батыс Қазақстан бойынша – 33, Қарағанды – 44, Қостанай – 29, Маңғыстау – 124, Павлодар – 21, Солтүстік Қазақстанда – 20, Оңтүстік Қазақстан облыстарында – 22, Астана қаласында – 26, Алматы қаласында – 32 (Алексеев, 2001: 168).

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы халық санағында 481 адам, оның ішінде ерлердің саны – 251, әйелдер саны – 230 адам. Өткен жылдарға қарағанда азаю себебін өз атамекендеріне оралу себебімен түсіндіруге болады (ҚР халық санағы, 2009:).

Қазақстанға дағыстандықтар бірнеше жолмен келген, олардың алғашқылары 1877 жылы халық көтерілісінен Сібірге жер аударушылар. Олар Қазақстанның Петропавел, Қостанай және Көкшетау облыстарына қоныстандырылды. Дағыстаннан келушілердің екінші тобын уақытша жұмыс істеушілер құрады. Дағыстанда өңдейтін жердің тапшылығынан күзгі егінді жинағаннан кейін шеберлер, көптеген кәсіп иелері етікшілер, зергерлер, сағатшы және т.б. кәсіп

иелері шекара асып жұмыс жасап атамекендеріне, отбасыларына көктем мезгілінде оралады. Уақытша жұмыс істеушілердің алғашқысы 1933 жылы Алматыға Ташкент арқылы келген авар этносының өкілі Агаев Тавер болған. Алғашында жалғыз келген Тавердің соңынан бауырлары, туыстары, достары келіп барлығы осы Қазақстанда қалып қойды.

Үшінші, Қазақстанға күштеп қоныс аударушылар 1933-1937 жылдары Сібір мен Орта Азияға жер аударушы «Кулактар». Кулактар қатарына бір-екі сиыры, жылқысы, қойы бар адамдарда жатқызылды. Дағыстанның обком партия бюросының шешімімен 1935 жылы 20 ақпанда Қазақстан мен Қырғызстанға 400 кулак шаруашылығы мен 1500-дей адам айдалды. Тауар таситын вагондармен жеткізілген дағыстандықтарды Алматы облысы Байсерке станциясына түсіріп осында қоныстандырған (Увайсов, 2012:7).

Қазақстанға күштеп қоныс аударуға ұшырағандардың ішінде Солтүстік Кавказ халықтары да болған Ұлы Отан соғысы кезінде күштеп қоныстандыру саясаты жалғастырылды. 1943 жылы Солтүстік Кавказ бен Қырымдағы аз этностарға қарсы репрессия жөнінде Қ.С. Алдажумановтың еңбегінде кеңінен жазылған (Алдажуманов, 1998, 428).

Қазақстанға қоныс аударған көптеген түркі халықтары сияқты Дағыстаннан келген барлық этностар сонымен қатар, құмықтарда ХХ ғасырдың ортасынан бастап ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарынан қол үзе бастады. Бұған КСРО-дағы жалпылама кеңестік идеология негізгі себеп болды. Құмықтардың қазақ жеріне қоныс аударуынан кейінгі жағдайы ұлт үшін бірқатар күрделі мәселелерді шешуде тиімділіктерге қол жеткізуге мүмкіндіктер болды:

– Қазақстан территориясының көптеген өңірлерінде Солтүстік Кавказдан келген этностардың, соның ішінде дағыстандықтар, құмықтарға дәстүрлі шаруашылықтарымен айналысуына климаттық жағынан өте ыңғайлы болды. Тіпті, таулы аймақтардың Солтүстік Кавказға ұқсас келуі осы этностарға психологиялық тұрғыдан жеңілдік болды.

– жергілікті қазақтардың қоныстанған этностарды сыртқа теппей көмек көрсетіп, бауырына басуы, қосымша тірек болды. Сондай-ақ, түркі тілдес халықтарға, соның ішінде құмықтарға ділі мен діні бір ортаға қоныстану келекшек өмірлері үшін қуанышты жағдай болды.

Құмықтардың этномәдениетіндегі ерекшеліктері

Құмық ағайындардың ұлттық салт-дәстүрін көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі жасөспірімдер тәрбиесіне игі әсерін тигізуде.

Дегенменде Қазақстандағы құмық этносы өкілдерінің айтуынша құмық дәстүрлері біртіндеп жойыла бастаған. Құмықтар Дағыстанда мекендейтін болғандықтан, таулы халықтарға ұқсас болып кеткен. Құмық халқының тарихын зерттеген ғалым С. Бизақовтың айтуынша, ерлікке толы тарихы бар, құмық халқының балалары ұлттық салт-дәстүрді жақсы сақтай келе, болашақ ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән береді, құмық ағайындардың ауыз-әдебиеті де тәрбиелі өсиеттерге толы.

Құмықтар – ата салтын берік ұстаған, үлкен мен кіші арасындағы құрмет пен ізет үзілмеген, қыз-келіншектер ешкімнің алдынан кесіп өтпеген, біртуар абзал азаматтарын қастер тұта білетін өр мінезді, намысшыл халық. Отбасының бүкіл билігі ер-азаматтың қолына жинақталған. Қызын ұзату, ұлына қалыңдық таңдау да толықтай әкенің еркіне байланысты. Әйелі ешқандай жағдайда өз еркімен күйеуінен кете алмайтын. «Адат» пен «шариатқа» арқа тұтқан халық ерлі-зайыптының ажырасуын күйеуінің еркіне байланыстырып келді. Тек өте сирек жағдайда, онда да ел азаматтарының рұқсатымен, әйел өз еркімен ажыраса қалса, үй-жайын, бар жиған-терген дүние мүлкікті күйеуіне қалдырып, соқа басын ғана азат ете алатын. Жалпы, құмықтарда ерлі-зайыптылардың ажырасуы жоқтың қасы; жесір қалу да, қос әйел алу да өте сирек екен (Бизақов, 2000б: 110).

Ескі салт бойынша, жұбайлар бір-бірінің атын атамаған және бір-бірін үшінші жақта шақырған. Ұзақ уақыт бойы әмеңгерлік институты болған, яғни жесір әйел күйеуінің ағасына немесе туысқанына шыққан. Солай ағасы өзінің мүлкін сақтап, әйелін және балаларын ешкімге бермеген.

Отбасылар ата-аналарының құдалықты өткізгіп, қалың мал төлеп, үйлену тойын өткізіп және үлкендердің ақ батасын алған соң кейін құрылған екен. Үйлену тойлары көбіне шаруалар аяқталар кезде, яғни күз мезгілінде жасаған.

Қыз баланы үй бұзаған (жат жұрттық) деп атаса, ұл балаға арнап «ұлан десе үй толады», қиын-қыстауда ел-жұрттың қорғаны болады, отбасының тірегі деп, оған үлкен үміт артатын. Ұл баланың санасына жасынан «болашақ

отбасының басшысың, қожайынсың» дегенді сіңіріп бағатын.

Құмықтардың қонақжайлығы баршаға аян. «Қонаққа барыңды бер, бәрінен бұрын қабағыңды бер» дейді халық мақалы. Шамасы келгендер үйдің бір бөлмесін қонаққа арнайды. Ауқаттылар қонақ күтетін арнайы үй салдырады. Қонағы үшін әр құмық басымен жауап беруге әзір. Ертеректе құмықтар басқа да қыпшақ тайпалары секілді тұқымға (руға) бөлініп келсе, бертін келе бұл дәстүр өз әсерін жоғалтып алды. Соның салдарынан туыс адамдардың, тіпті немерелестердің де үйленуі сияқты өсер ұрпақ үшін өте зиянды әрекеттің бой көрсетуі байқалып қалуда. Дегенмен, ежелден отырықшы басқа мұсылман елдерімен өз туысына үйлену сирек. Құмықтарда үш атаға дейін қыз алыспау ғұрпы болған (Бизақов, 2000в: 111-112).

Қалыңдықтың той киімдерін жігіт жақ көтереді. Күйеу жігіттің қалыңдыққа берер кәде сыйында міндетті түрде ішік немесе тоңға арналған аң терісі болуы міндетті. Қазіргі кезде күйеу жігіт осы дәстүрді жалғастырып қалыңдыққа сый ретінде бағалы тоңдар тартады. Тойдағы қалыңдық киімінде міндетті түрде белдік, жүзік алқалар болуы міндетті. Алғашқы сәбиі дүниеге келгенше келін отбасының барлық мүшелеріне қарағанда сәнді киінетін. Ал қайғылы кездерде ақ түсті орамалдар тағады. Оны «кірлер» деп атады. Себебі басындағы ақ жаулықты екі айға жуық бастарынан шешпей тағатын болған. Яғни, ақ ормал кірлеп жуылмайтын. Ал, қара ормалды жалғыз бауыры немесе ұлы өлгенде ғана тағады. Ерлерде бұндай жағдайларда киілетін арнайы киімдер болмағанымен олар 40 күн аза тұтып, сақал мұрттарын алмаған.

Дәстүрлі киімдерінен – ерлер бастарына биік папах, тері аяқ киім және ұзын тұлып (тон) киеді. Әйелдері белден келетін жейде, шалбар және бастарына чутку аталатын орамал салады. Аяқтарына былғарыдан тігілетін чувяки мен арты жоқ башмақты жиі колданады (Тоқтабай, 2006:271)

Черкеска – (құмық тілінде чекпен – *авт.*) кавказ халықтарының ерлер киетін сырт киімін құмықтар қоғамдық орындарға барғанда немесе қонақ қабылдағанда киген. Ал үйде демалғанда немесе жұмыс жасағанда ыңғайлы киімдер киген. Бешмет, сеңсең жамылғы, сеңсең бөрік, домалақ бөрік, теріден тігілген аяқ киім. Бешметте, черкескада жіңішке күміс немесе мыстан жасалған белбеулер таққан. Белбеуге қанжар тағылады. Әйелдердің ұлттық киімдерінің қатарына бүкіл денені жабатын көйлектер арсар,

қос жеңді қабалай т.б. жатады. Әйелдері арты ашық, теріден тігілген башмақтар киіп, киімдері ою-өрнек, әшекейлермен безендірілетін болған (Гаджиева, 1961:28).

Мәдени шаруашылықтары бойынша құмықтар ұзақ уақыт бойы қыпшақ ұлыстарының арасындағы көп салалы шаруашылықпен айналысатын халық ретінде ерекшеленіп келді. Олар ерте заманнан-ақ дәнді дақыл мен көкөністің түр-түрін екті. Бақша ұстады. Соқалы егіншілікпен айналысты, бау-бақша, жүзім өсірумен шұғылданды, дәстүрлі егіншілікте бидай, арпа, тары, күріш, жүгері екті, техниканы пайдалану мәдениетінде зығыр, күнжіт, мақта, темекі өсірді. Сондай-ақ, бал арасын ұстап, омарташылықпен айналысты. Төрт түлік мал да өсірді. Ірі қара малдан еті мен майлы сүтіне қоса, таптырмайтын жұмыс көлігі ретінде шамасы жеткендер бүйвол ұстаған. Қосалқы шаруашылықтан шұға жасау, кілем тоқу, тері, ағаш, темір, тас өңдеу дамыған. Ежелден құмықтардың сан алуан қолөнер бұйымы жоғары бағаланған. Ұста, зергерлер бүкіл Кавказ жеріне танымал. Ұсталар түрлі қарулар, арба тағы басқа да түрлі жұмыстар жасады. Теріні илеу арқылы да көптеген жұмыстарды тігіншілік, етікші т.б. жұмыстар сапалы жасалып отырды. Әйелдері қолөнермен, оның ішінде кілем тоқумен айналысқан. Әсіресе, түксіз кумак деген кілемдері белгілі. Сонымен қатар, мата, мақта-қағаз тоқыма ісі жақсы дамыған.

Құмықтар елді мекендерін юрт, кент деп атайды. Баспаналары үш түрлі формада салынды: бірқат үй (бір қабатты үй), гөтериңки үй (бір жарым қабатты үй), эқиқат үй (екі қабатты үй). Есік, терезе аулаға қарайды. Ата-бабадан мұра болып қалған қару-жарақ үйдің көрнекті жерінде ілулі тұрады.

Құмықтар өте жылы және еңбекқор. Олар әртүрлі жұмыс кезінде бір-біріне көмек көрсетуге дайын (Народы Кавказа, 1966: 359).

Рухани мәдениеті

Құмық халқында ауызша әдебиет жақсы дамыған, құрылысы мен мазмұны жағынан өзгеше болып келеді. Эпикалық жырлар, тарихи жырларға қызығушылықтары басым. Оларға мысалы: «Мункуллу», «Эльдаруш», «Қартқожақ пен «Мақсуман», «Айғазы» т.б. эпикалық жырларды айтуға болады. Бұл жырлардың мазмұнында орта ғасырдағы қыпшақ тайпалары туралы, әлеуметтік теңсіздікке байланысты,

еркіндік, бостандық тақырыптары сөз болады. Құмықтардың фольклорында лирикалық өлеңдерде салт-дәстүр, тұрмыстарына байланысты тақырыптар айтылады. Мысалы, тұрмыстық поэмаларға: «Ғалалайлар», «Сүйдюмтақ», «Боза йыр», «Бесик йырлары», жоқтау жырлары «Яслар», «Баяғлар», еңбек жыры «Ғалилайғайбарлар», «Навруз байрам», ұлттық мейрам жыры жатады. Ауыз әдебиетінің алтын қазынасы деп құмықтар: ертегілер, әңгімелер, қанатты сөздерді жатқызған.

Құмық музыкасы қыпшақ ұлыстары, сондай-ақ кавказдық тау халықтары музыкасымен үндес. Би өнері дамыған. Шығыстық бай колориті бар, жүрек тебіренер сиқырлы құпия сырымен көрерменін баулап алып, сұлулыққа жетелейтін көңіл күйдің барлық шадыман сәттерін жүрекке жеткізетін құмық биінің әсері айтарлықтай. Халықтың лирикалық ән-жыры сарын, йыр, такмақ секілді түрге ажыратылады.

Тілі жағынан Құмық тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіреді. 1929 жылға дейін құмықтар араб әліпбиін пайдаланса, кейін латыншаға ауысып, 1938 жылы кириллицаға көшірілді.

Құмық тілі айырмашылығы шамалы үш говорға бөлінеді. Оларға солтүстік (Хасавюрт), орталық (Бұйнақ), оңтүстік (Қайтак) говоры жатады. Әдеби тіл Хасавюрт говоры негізінде қалыптасты. Басқа батыс қыпшақ тілінен өзгешілігі – кейінгі ықпал әсерімен н дыбысы л-ге айналады, сөз басындағы к орнына г айтылады: заманлар-замалар, кетти-гетти, келди-гелди (Бизақов, 2000г: 115).

Қорытынды

Дағыстан халықтарының мәдениеті, салт-санасы бір-біріне өте ұқсас, сондықтан да Қазақстан облыстарындағы орталықтарда әр халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдебиетін, өнерін ұмытпай жалғастыру үшін игі істер жасалуда.

Елбасымыз айтқандай Қазақстанның өркендеуіне жағдай жасағандардың ішінде, кезінде жер аударылған ұлттардың да үлкен үлесі бары сөзсіз. Терезесі тең қазақстандық ұлттар қазақтармен қоян-қолтық өмір сүріп, тілі мен дінін, салт-дәстүрі мен мәдениетін дамыту үстінде және оған барлық мүмкіндіктер де бар. Қазақстан территориясына күштеп жер аударылған халықтардың тарихы жан-жақты зерттеп, зерделеу этнографтардың да үлесінде.

Әдебиеттер

- 1 Аманжолов Р. (2005) Түркі халықтарының тарихы. Алматы: Білім.
- 2 Төлебаев Д. (2013) Құмық тілі. Ана тілі, 1 б.
- 3 Бизаков С. (2000) Түбі бір түркілер. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.
- 4 <http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Kavkaz/XIX/1820-840/Blaramberg/text32.htm>.
- 5 Алиев К. (2001) Проблема происхождения кумыков в советской идеологии и историографии. КНКО: Вести, №5, Махачкала. С. 4-19.
- 6 J. Atticus Ryan Unrepresented Nations and Peoples organization Yearbook 1997. Kluwer law International. The Hague, London, Boston. 1998
- 7 Тишков В.А., Степаков В.В. (2016) Межэтнические отношения и этнокультурное образование в регионах России. Москва: ИЭА РАН. С. 297
- 8 James Minahan Encyclopedia of the stateless nations. Greenwood Press Westport. Connecticut. London, 2002.
- 9 Увайсов М.З. (2012) Дагестанцы в Казахстане. Махачкала: Дагестанское книжное издательство. С. 152.
- 10 Алексеенко А.Н., Алексеенко А.Н., Козыбаев М.К., Романов Ю.И. (2001) Этноссы Казахстана. Астана: Елорда. 168 с.
- 11 Увайсов М. (2015) Дагестанцы в Казахстане. Алматы: Дәуір-Кітап. С. 144
- 12 Алдажуманов К.С. (1998) Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс-Казахстан, 428 с.
- 13 Тоқтабай А. (2006) Түркі халықтарының этномәдениеті. Алматы: Толағай.
- 14 Гаджиева С.Ш. (1961) Кумыки: историко-этнографическое исследование. Москва: Изд-ва Академии Наук СССР.
- 15 Народы Кавказа. (1960). т. 1. Москва.

References

- 1 Amanzholov R. (2005) Tırki halıqtarınuñ tarihy. Almaty: Bilim.
- 2 Tolebaev D. (2013) Qımıq tili. Ana tili, 1 b.
- 3 Bizakov S. (2000) Tıbi bir tırkiler. Almaty: Qazaq jenciklopedijasy.
- 4 <http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Kavkaz/XIX/1820-840/Blaramberg/text32.htm>.
- 5 Aliev K. (2001) Problema proishozhdenija kumykov v sovetskoj ideologii i istoriografii. KNKO: Vesti, №5, Mahachkala. S. 4-19.
- 6 J. Atticus Ryan Unrepresented Nations and Peoples organization Yearbook 1997. Kluwer law International. The Hague, London, Boston. 1998
- 7 Tishkov V.A., Stepakov V.V. (2016) Mezhjetnicheskie otnosheniya i jetnokul'turnoe obrazovanie v regionah Rossii. Moskva: IJeA RAN. S. 297
- 8 James Minahan Encyclopedia of the stateless nations. GreenwoodPressWestport. Connecticut. London, 2002.
- 9 Uvajsov M.Z. (2012) Dagestancy v Kazahstane. Mahachkala: Dagestanskoe knizhnoe izdatel'stvo. S. 152.
- 10 Alekseenko A.N., Alekseenko A.N., Kozybaev M.K., Romanov Ju.I. (2001) Jetnosy Kazahstana. Astana: Elorda. 168 s.
- 11 Uvajsov M. (2015) Dagestancy v Kazahstane. Almaty: Dəuir-Kitap. S. 144
- 12 Aldazhumanov K.S. (1998) Deportirovannye v Kazahstan narody: vremja i sud'by. Almaty: Arys-Kazahstan, 428 s.
- 13 Toqtabaj A. (2006) Tırki halıqtarınuñ jetnomedenieti. Almaty: Tolağaj.
- 14 Gadzhieva S.Sh. (1961) Kumyki: istoriko-jetnograficheskoe issledovanie. Moskva: Izd-va Akade-mii Nauk SSSR.
- 15 Narody Kavkaza (1960). t. 1. Moskva..